



**Автор:** Бекешова Светлана Киргизбаевна  
**Пән:** Сауат ашу  
**Сынып:** 1-сынып  
**Бөлім:** Саяхат  
**Тақырып:** Ә дыбысы мен әрпі

|  |  |
|--|--|
| <p>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• 1.1.9.2. дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.             <ul style="list-style-type: none"> <li>1.1.8.1. берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.</li> </ul> </li> <li>• Сабақ мақсаттары             <ul style="list-style-type: none"> <li>1. Әріпті таны, жаза алады.</li> <li>2. Берілген сурет бойынша әңгіме құрастыра алады.</li> <li>3. Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсінеді.</li> <li>Ойлау деңгейлері Білу және түсіну</li> <li>Бағалау критерийлері                 <ul style="list-style-type: none"> <li>*Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады;</li> <li>* Сюжетті суреттерді сипаттайды.</li> <li>* Сюжетті суреттерді реті бойынша әңгіме құрастырып айтады.</li> </ul> </li> </ul> </li> </ul> <p>Тілдік мақсат Пәндік лексика және терминдер Әтеш<br/>         Талқылауға арналған сұрақтар:<br/>         - Ә дыбысы қандай дыбыс?<br/>         Құндылықтарды игерту Табиғаттың ерекшелін ұғынып, оны бағалауға үйренеді.<br/>         АКТ қолдану дағдылары Слайд, видео<br/>         Бұған дейінгі меңгерген білім Табиғатқа саяхат. Ә<br/>         дыбысы және әрпі Жоспар Жоспарланған уақыт<br/>         есебі Жоспарланған тапсырмалар Дереккөздер<br/>         ресурстар</p> |
|--|--|

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|------------------------|-----------|
|-----------------|------------------------|-----------|



Сабақтың басы  
(6 мин)

- Ұйымдастыру. Психологиялық ахуал
  - Саламатсыз ба, балалар!
  - Бүгінгі көңіл-күйлеріңіз қалай? (жақсы)
    - Олай болса, бәріміз ортаға шығып шеңберге тұра қаламыз. Алдымен амандасып аламыз. Біз бүгін сабақты мынадай ойынмен бастайық. Мен сендерге мынадай әдемі, сиқырлы қар әкелдім. Қане, осы сиқырлы қар арқылы тілегімізді айтайық. (балалар тілектерін айтады) Бұл қар сиқырлы болғандықтан сендердің барлық тілектерің орындалады. Олай болса, осындай жақсы көңіл-күймен орнымызға отырып сабаққа кірісейік. (шана, шаңғы, коньки арқылы топқа бөлінеді)
  - Ой қозғау Дыбыс дегеніміз не? (Дыбыстарды естиміз, айтамыз)
    - Әріп дегеніміз не? (Әріптерді көреміз, жазамыз) - Дыбыстар нешеге бөлінеді? (дауысты, дауыссыз)
  - Дауысты дыбыстар қалай айтылады? (созылып)
    - Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? (кедергімен) - Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? (жуан, жіңішке)
      - Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? (қатаң, ұяң, үнді) - Балалар дыбыстардан не құраймыз? (буын)
  - Буыннан не құраймыз? (сөз)
    - Сөзден не құраймыз? (сөйлем)
    - Ал, балалар, біз өткен сабақта қай дыбыспен таныстық.
      - 3 дыбысы
      - 3 дыбысы қандай дыбыс? (дауыссыз, ұяң)
        - Қане, балалар бәріміз тақтаға қарайық. Слайд көрсетіледі. (Әже, телефон, есік, шана суреттері арқылы әтеш сөзін шығару) Әтеш сөзінің қорысшасы қалай аталады? (петух) Ағылшыншасы қалай аталады? (кук)
          - Әтеш сөзі қай дыбыстан басталып тұр? (Ә дыбысы) - Ә дыбысы қандай дыбыс? (дауысты, жіңішке)
            - Ә дыбысы сөздің басында және ортасында келеді. (үш шапалақ соғу) Топпен жұмыс.
- 1- тапсырма 1-топ «Шаналылар» тобы: Ә дыбысынан келетін сөздер айту.
- 2-топ «Шаңғышылар» тобы: Ә дыбысынан келетін сөздер айту.
- 3-топ «Конькишілер» тобы: Ә дыбысы бар сөздер айту.
- 2-тапсырма 1-топ «Шаналылар» тобы: Әтеш сөзіне дыбыстық талдау жасау.
- 2-топ «Шаңғышылар» тобы: Әтешті сипаттау, әтеш туралы айту.
- 3-топ «Конькишілер» тобы: Әтеш туралы тақпақ айту.
- ҚБ (үш шапалақ соғу) «Кім жылдам?» ойыны
- 1-топ «Шаналылар» тобы (кеспе сөздерден сөйлем құрау)
- 2-топ «Шаңғышылар» тобы (кеспе буындардан сөздер құрау)
- 3-топ «Конькишілер» тобы: (сөйлемдерден мәтін құрау)
- Балалар, біздің аққаламыз дайын болды ма? (жоқ)
  - Не жетіспейді? (қалпағы)
  - Ендеше кім жаңылтпаш айтады? (үш топтан балалар кезек-кезек жаңылтпашты жатқа айтады)
- Келген малшы
- Әрі әнші,
- Әрі аңшы.
- Міне, енді қалпағын кигіземіз. (біроқушы қалпағын кигізеді)
- Аққаламыздайын болды ма? (иә)
- Оқулықпен жұмыс.